

«№ 2 Сайрам» бөбекжай - бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық қәсіпорны



Аудандық семинар:
Ашиқ ұйымдастырылған іс-әрекет:

«Аспан әлемі»

Тәрбиеші: Ахмедова У.А

Ақсукент-2024 ж

Ашық ұйымдастырылған іс әрекет

Топ атауы: Ересек тобы «Айгөлек»

Тақырыбы: «Аспан әлемі»

Дағдылар тізбесі:

Коммуникативтік дағдылар

Танымдық-зерттеушілік дағдылар

Физикалық қасиеттер

Шығармашылық дағдыларын

Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҚ МАҚСАТЫ

Балаларды аспан әлемімен туралы түсініктерін тиянақтау, ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын ояту, ойлау қабілеттерін кеңейту, сөздік қорларын молайту.

Көрнекілік материалдар:

Ғарышкер робот проектор, фонарик, ғаламшарлар және ғарышкерлердің суреті, түрлі түсті бисер, түссіз ыдыстар, губка.

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТІҚ БАРЫСЫ

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

Тәрбиеші:

-Балалар жан жағымызға назар аударып, қонақтармен амандаласайықшы.

Аспанға қарап, Ай көрдім.

Төмен қарап, Жер көрдім.

Оңға, солға бұрылып,

Егеменді ел көрдім.

Сәлем сәлем достарым,

Сәлем сізге қонақтар.

-Балалар бүгін сендер мерекедегідей әдемі болып кетіпсіндер, мереке демекші бізде жақында қандай мерекені тойладық?

Балалар: «Ғарышкерлер күні» мерекесі болды. Ғарышкер ол – ғарыш әлеміне зымыранмен ұшатын адам. Ғарыш әлемінде көптеген ғаламшарлар бар.

Тәрбиеші: Жарайсындар! Ендеше балалар бәріміз жерге отырып, жоғары қарап, ғаламшарларды бақылайық. (бөлме қараңғылатып, фонарик проектормен ғаламшарлардың бейнесі жоғарыда көрсетіледі)

2. ҒАЖАЙЫП СӘТ.

(Топқа Өзгегаламшарлық Ая келеді.)

-Сәлеметсіндер ме! Балалар. Менің есімім Ая!

- Мен өз ғаламшарыма кете алмай достарымнан қалып кеттім. Балалар мен өз ғаламшарыма оралу үшін сендердің көмектерің қажет. Мен ғаламшарлар

қандай болатын ұмытып қалдым. Сендер ғаламшарлардың бейнесін маған көрсетесіңдер ме?

Тәрбиеші: Ал ендеше балалар келіндер шығармашылық ортаға, 2 топқа бөлініп ғаламшарларды Аяға толықтырып және бояп көрсетейік.

Балалар 2 топқа бөлінеді

1 топ: «**Бусоград**» әдісі арқылы жұмыс. Түссіз ыдыстың үстіне ғаламшардың бейнесін түрлі – түсті бисермен толықтырады.

(ыдыстың ішінде фонарик қосулы тұрады)

2-топ: **Бастырма** әдісі арқылы сурет салу. Ғаламшарлардың бейнесін (домалақ пішінді губкамен) салады.

3-топ: «**Зымыранды боя**» планшеттің көмегімен зымыранды бояу.

4-топ: «**Геоборд**» әдісі бойынша балалар жұлдыз бейнесін толықтырады.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар! Енді өзге ғаламшарлықта фонариктің көмегімен ғаламшарлардың суреттерін көрсетеміз бе?

Балалар: Иә, Ая кел бірге көрейік.

Фонарик әдісі арқылы жасырынған күн, жұлдыз, ғаламшарлардың суретін бақылау.

(Суретті бақылау барысында Ая өз МАРС ғаламшарын тауып есіне түседі және достарының телефон номеріде есіне түсіп, тәрбиеші апайға достарына телефон соғып шақыруын сұрайды).

Тәрбиеші: Алло сәлеметсізбе! Бұл Марс ғаламшары ма? Мен ЖЕР ғаламшарынан телефон соғып тұрмын. Ая біздің ғаламшарда сіздерді күтіп отыр. Келесіздер ме? Жарайды сау болыңыз!

Ая сенің достарың өздерінің ұшатын табақшасымен Марстан ұшып келе жатыр екен. Дағаға қонып сені күтетіндерін айтты. ЖЕРге жеткенде телефон соғады.

АЯ: рахмет сіздерге балалар, тәрбиеші апай. Балалар сендер маған өз фотосуреттерінді ғарышкер бейнесіне жапсырып, мынау қабырғада тұрған ғаламшарлардың ішіне орналастырып беріндерші. Мен өзғаламшарымнан сендерді осылай суреттерінді бақылап отырамын.

(*Гарышкер бейнесіне әр бала өз фото суретін жапсырып, гарыш әлеміне орналастырады.*)

Рахмет сендерге балалар ендеше мен сендерге өзімнің кішкентай робот досымды таныстырайын, робот досым сендерге аспан әлемін көрсетеді.

(*робот гарышкер проектор аспан әлемін көрсетелі*)

Балалар бақылайды, таң қалады.

Тәжірибе: «**Зымыранды ұшырамыз**»

Балалар ыдыста тұрған судың ішінен зымыранды ұшырады.

Ойын: Асық ойыны

Тәрбиеші: Ая сен достарың келгенше бізбен ойын ойнай тұр. Біз саған ұлттық құндылықтарымызды көрсету мақсатында асық ойынының заманауи түрін ұсынамыз. (Асық ойыны ойнатылады)

Телефон қоңырауының дыбысы естіледі.

Тәрбиеші: Алло, жарайды күте тұрыңыздар Ая қазір барады.

Ая сенің достарың келіп күтіп тұр екен.

Ая: жарайды балалар мен өз ғаламшарыма кетейін сау болындар
-Сау бол АЯ!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Ұйымдастырылған іс-әрекетті қорытындылау, балалардың білімін пысықтау, балаларды мақтау.

-Балалар біз немен таныстық?

-Фарыш әлемімен, ғаламшарлармен

-Балалар, бүгін қандай ғажайыптарды бақыладық?

-Ғажайып ғарыш әлеміндегі ғаламшарларды

-Бізге қонаққа кім келді? Қандай тосын сыйын көрсетті?

-Өзгеғаламшарлық Ая келді.

-Бисермен, бояумен ненің бейнесін толықтырдындар?

-Галамшарлардың бейнесін

Фонарикпен ғаламшарларды бақылаған сендерге ұнадыма?

Ғаламшарлар қай жерде орналасқан еken?

-Иә ұнады, ғаламшарлар ғарыш әлемінде орналасқан.

-Біз өзгеғаламшарлық Аямен қандай ұлттық ойын ойнадық?

-Асық ұлттық ойынын ойнадық.

-Балалар, сендердің ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарың өте зор еken.

Жарайсындар! Барлық жұмыстарды мұқияттылықпен, қызығушылықпен

керемет орындағандарың үшін, сендерге алғысымды білдіремін.

Рақмет сендерге балалар!